


Бекітемін  
«Облыстық көркем өнерпаздардың  
Халық шығармашылығы мен кино  
бейнекор орталығы» КМҚК  
басшысы  Д.Қалқаев  
2023 жылғы « 9 » қаңтар



Наурыз мерекесіне орай Тобыл-Торғай өңіріндегі ересек әншілер арасында  
«Сахналық жекпе-жек» атты әншілер байқауының

### **ЕРЕЖЕСІ**

#### **Өткізу уақыты**

2023 жылғы, 16 наурыз, сағат: 10:00 де

#### **Өткізілетін орны**

Лисаков қаласы, мәдениет үйі

#### **Ұйымдастырушылар**

- Қостанай облысы әкімдігі мәдениет басқармасының «Облыстық көркемөнерпаздардың халық шығармашылығы мен кинобейнекор орталығы» КМҚК.

#### **Байқаудың мақсаты мен міндеттері**

- Қостанай өңірі композиторларының әндерін кеңінен насихаттау;
- Әншілік өнердің кәсіби деңгейге көтерілуіне жол ашу;
- Әншілердің шығармашылық белсенділігіне қолдау көрсету;
- Аға буынды өнерпаздарды қолдау, бағалау

#### **Байқау шарттары мен үміткерлерге қойылатын талаптар**

- байқауға Қостанай облысының қалалары мен аудан өнер ұйымдарының өкілдері қатыса алады;
- байқауға 45-60 жас аралығындағы өнерпаздар қатыса алады;
- байқау жеке орындаушылар арасында өтеді;
- байқау шарты бойынша қазылар алқасының іріктеуінен өткен өнерпаздар ғана үшінші кезеңге жолдама алады.

## **Байқаудың жалпы сипаттамасы**

*Байқау үш кезеңнен тұрады*

### **Бірінші кезеңде бір тапсырма.**

- бірінші ән – Тобыл-Торғай, Қостанай өңірі композиторларының бір әнін жеке өңдеуде (**аранжировка**) орындайды;

### **Екінші кезеңде бір тапсырма.**

- Бірінші кезеңде орындайтын әндері бір ай бұрын жеребеге тартылады, жеребе бойынша түскен әнді жаңа нұсқада жеке аспапта орындайды.

### **Үшінші кезеңде бір тапсырма**

Қазылар алқасының шешімі бойынша үшінші кезеңге жолдама алған үміткерлер ғана өз таңдауы бойынша дауыс көрсететін, кең ауқымдағы (**диапазонды**) байқауға арналған әнді орындауы шарт

## **Бағалау өлшемдері**

- шығармалардың ережедегі талаптарға сай болуы;
- орындаушылық шеберлігі, мәнерлігі, даусының кеңдігі;
- сахна мәдениетін сақтай білуі;
- сахналық киім үлгісі.

## **Қазылар алқасы**

Байқаудың қазылар алқасы құрамында республикаға танымал өнер майталмандары мен облысымыздағы музыка өнерінің мамандары шақырылады;

Қазылар алқасының шешімі талқылануға, қайтадан қаралуға түспейді;

Қазылар алқасының шешімі хаттамамен рәсімделеді;

## **Байқауға қатысушы үміткерлерді марапаттау**

Бас жүлде (біреу)

1-орын (біреу)

2-орын (біреу)

3-орын (біреу)

Қ.Деріпсалдин атындағы арнайы сыйлық (біреу)

## **Өтінім беру шарттары**

- Өтініш (қатысушының екі кезеңде орындайтын репертуары, авторларының аты-жөні толық жазылуы тиіс)
- жеке куәлігі құжатының көшірмесі.
- шығармашылық өмірбаяны.
- байқаудың екі кезеңінде орындайтын шығармалары, (репертуар)
- 9/13 сапасы жақсы электронды нұсқадағы суреті.
- 20 сан ....., банк шоты

- Өтінімдер ақпан айының 17 күні сағат 18:00 ге дейін [hsb@ocsnt.kz](mailto:hsb@ocsnt.kz) электронды почтасы арқылы және Қостанай қаласы, Лермонтов к-сі, 15 мекен-жайы бойынша қабылданады.  
Байланыс телефоны: 8(7142) 56-01-29, 8707 563 3152

**Тамақтану, тұрғын жай, жол жүру**

- Қатысушылардың келіп-кету жол шығындарын және тұрғын жаймен қамтамасыз етеу жіберуші жақ төлейді.